



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 16 (9429) Жұма, 24 сәуір 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

Абай облысы мен Қытайдың Тарбағатай округі арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды

Бүгін облыс әкімі Берік Уәли Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ұйғыр автономиялы өлкесінің Тарбағатай округы партия комитетінің хатшысы Чжи Сянь Вэймен бейнеконференция арқылы байланысқа шығып, пікір алмасты. Жиынға тиісті басқарма басшылары, департамент жетекшілері қатысты. Шекаралық аймақтағы Аягөз, Үржар, Мақаншы және Ақсуат аудандарының әкімдері бейнережим арқылы қосылды.

Жиын барысында Қазақстан мен Қытай арасын жалғайтын «Тачэн – Аягөз» теміржол желісі құрылысы, «Бақты – Покиту» өткізу пунктінде «Жасыл дәліз» құру, шекаралық инфрақұрылымды жетілдіру, құдық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты күшейту және Тарбағатай аймағымен сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері жан жақты талқыланды.

Кездесуде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Уәлиев, Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Руслан Данияров, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментінің бастығы Асхат Ахметов, Полиция департаменті бастығының орынбасары Жасұлан Байкенов және Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндады.

Қазіргі таңда Қазақстан-Қытай шекарасында «Бақты-Аягөз» теміржол учаскесін салу жобасы жүзеге асырылуда. Ұзындығы 303 шақырым болатын құрылыс жұмыстарында 69 көпір, 359 су өткізгіш құбыр

қарастырылған.

«Бақты – Покиту» өткізу пункті – Қазақстан мен Қытай арасындағы маңызды бағыттардың бірі. Қазіргі уақытта штаттық режимде жұмыс істеуде. Оның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жолға қойылып, шекаралық рәсімдерді оңтайландыру, көлік кептелісін болдырмау және өту уақытын қысқарту шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, өткізу қабілетін арттыру және рәсімдерді жеңілдету мақсатында қытай тарапымен өзара үйлестіру жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Абай облысында Қытай инвесторларының қатысуымен 2,2 млрд долларлық 10 жоба жүзеге асырылып жатыр. Көрші елмен сауда айналымы өсіп, Тарбағатай аймағымен өңіраралық ынтымақтастық артып, сондай-ақ, «Бақты» өткізу пунктін дамыту арқылы өндіріс пен логистика салаларындағы бірлескен жобалар кеңейтілуде.

Екі тарап кездесуде өңіраралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылап, бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екендерін білдірді.

Облыс әкімі өңіраралық әріптестікті нығайтудың маңызын атап өтіп, Чжи Сянь Вэйді Қытай Халық Республикасының кәсіпкерлерімен өтетін инвестициялық форумға қатысуға шақырды.

«Абай облысының атынан бүгінгі кездесуді ұйымдастыруға бастамашылық танытқандарыңызға алғысымды білдіремін. Бүгінгі кездесу барысында қаралған барлық мәселелер – Абай облысы мен Тарбағатай аймағы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған маңызды бастамалар. Біз өз тарапымыздан

барлық көтерілген мәселелер бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге және қытайлық әріптестермен тығыз өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екенімізді білдіреміз. Алдағы уақытта бірлескен жобаларды нақты іске асыру арқылы өңіраралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Өз кезегінде Тарбағатай округы партия комитетінің хатшысы Чжи Сяньвэй «Аягөз-Тачен» темір жол желісі мен Бақты кеден бекетінің өткізу пунктін құрылысын жандандыруға қатысты ұсыныстарын айтты. Екі жақты әріптестікті одан әрі нығайтуға сенім білдіріп, аймақ басшысын Тачэн қаласында өтетін «Бақты» форумына қатысуға шақырды.

«Бүгінгі кездесу ынтымақтастығымызды жаңа, сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық басшылығымен Қытай мен Қазақстан арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастар тұрақты дамып, өзара тиімді ынтымақтастықтың зор әлеуеті мен кең мүмкіндіктерін көрсетуде. Біз өткізу пункттерінің әлеуетіне сүйеніп және өзара тиімділік қағидатын басшылыққа ала отырып, Қазақстан тарапымен басым бағыттар бойынша ынтымақтастықты ілгерілетуге дайынбыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында өңіраралық ынтымақтастық жаңа деңгейге көтеріліп, нақты нәтижелерге қол жеткізіп, екі ел халқының игілігіне қызмет етеді деп сенеміз», – деді ол.

Абай облысының әкімдігі.

Техникалық білімді арттыру мақсатында жаңа тәсілдер талқыланды



Облыста ауыл шаруашылығына қажетті мамандарды даярлау мәселесі жаңа деңгейде қаралуда. Осы орайда өңірде техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған облыстық семинар өтті. Бұл шара облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Қаладан - ауылға» бағдарламасы аясында Шар қаласындағы Жарма технологиялық колледжінде ұйымдастырылды.

Қатысушылар колледждің оқу-өндірістік базасымен танысып, ауылдық жерлерге арналған кадр даярлаудың нақты тетіктерін талқылады. Шар қаласында орналасқан оқу орны бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы, көлік және техникалық қызмет көрсету салалары үшін жоғары сұранысқа ие мамандар даярлап отыр.



Колледждің басты ерекшеліктерінің бірі - өндіріс орындарымен тығыз байланыс. Бүгінде оқу орны өңірдегі бірқатар кәсіпорындармен келісім жасасып, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне және түлектердің жұмысқа орналасуына нақты мүмкіндік қалыптастырған.

Айта кету керек, материалдық-техникалық базаны жаңарту бағытында да нақты қадамдар бар. Мәселен, «БГП» ЖШС колледжге құны 161 млн. теңге болатын заманауи оқу-тренажерлік кешенін табыстады. Komatsu техникасының симуляторлары студенттерге өндірістегі нақты жағдайға жақын тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай қадамдар ауылдағы кадр тапшылығын азайтып, жастарды өңірде тұрақтандыруға ықпал етеді. Семинар барысында білім беру бағдарламаларын жаңғырту, IT технологияларды енгізу және бизнес әріптестікті күшейту бағытында ұсыныстар талқыланды.

Өз тілшіміз.

Президент Алғыс хаты табысталды



"AMANAT" партиясының Жарма аудандық филиалында еліміз үшін маңызды саяси науқан – референдумды ұйымдастыру мен оның жоғары деңгейде өтуіне белсенді үлес қосқан

азаматтарды марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты шара барысында ел болашағы үшін жауапты кезеңде белсенділік танытып, қоғамдық-саяси өмірге зор үлес қосқан өңір азамат-

тары мен азаматшаларға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттары табысталды.

Аталған марапат – олардың ел дамуына қосқан елеулі еңбегі мен азаматтық белсенділігінің айқын көрінісі. Референдум – халықтың бірлігі мен ынтымағын танытқан маңызды қадам болса, осы жолда аянбай еңбек еткен жандардың еңбегі әрқашан жоғары бағалауға лайық.

Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрланбек Есполов:

- Осындай игі істерге атсалысып жүрген барша азаматтарға шынайы алғыс білдіремін. Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз табысты болып, жаңа жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін, – деді сөз соңында.

Кәусар Арықханқызы.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

Жас талантты оқушы

Айару Елдосқызы - 2019 жылдың 22 қарашасында дүниеге келген. Жастайынан өнерге жақын бүлдіршін небәрі 2 жасынан бастап көркемөз бағытына қызығушылық танытып, өз қабілетін ерте жастан-ақ байқата білді.

Ол қазақ поэзиясының алыптары – Мұқағали Мақатаев пен Абай Құнанбайұлының шығармаларын мөнерлеп оқып, тыңдарман жүрегіне жол табады. Оның әрбір орындауында сөздің мәні мен мағынасы терең ашылып, кішкентай болса да үлкен сахна мәдениетін көрсете біледі.

2021 жылы өткен Мұқағали Мақатаев оқуларында «Үш бакытым» өлеңін ерекше нақышпен орындап, жүлделі I орынды иеленді. Ал 2025 жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай оқулары» байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталып, Астана қаласында өткен дарынды оқушылар форумына қатысуға арнайы шақырту алды.

Абай облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бас маманы Аманжол Шәріпханұлы Айару Елдосқызына арнайы сыйлық ретінде Абай Құнанбайұлының үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жарық көрген өлеңдер жинағын табыс етті.

Айарудың мөнерлеп оқыған өлеңдері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің назарына ілігіп, республикалық әлеуметтік желілерде жарияланды. Сонымен қатар, «Мәңгілік ел мұрагері» балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық шығармашылық журналында Айарудың еңбегі жарық көрді.

2022 жылы өткен «Әдебиет әлемі» атты Республика күніне орай ұйымдастырылған шығармашылық байқауының «Мөнерлеп оқу» номинациясы бойынша 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. 2024 жылы 5 желтоқсанда «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйы-



мы ұйымдастырған өнер байқауында II орын иеленсе, «Халықаралық білім академиясы» ұйымдастырған «Өнерлі өрге жүзер» байқауында көркемөз бағыты бойынша I орын жеңіп алды.

Айару тек көркемөзбен ғана шектелмей, ән айту өнерін де қатар алып жүреді. Ән – оның жүрек қалауындағы сүйікті ісінің бірі. «Жарық жұлдыз» республикалық ән байқауында I орын алып, аудандық «Айналайын» ән байқауының бас жүлдесін иеленді. Сондай-ақ, 2024 жылы өткен «Самғау»

республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауында I орынға ие болды. Бұған қоса, халықаралық «GOLDEN TALENTS» өнер байқауында ерекше көзге түсіп, III орынды иеленді.

Айару Елдосқызы – жан-жақты дамып келе жатқан, талантымен де, талпынысымен де ерекшеленетін жас тұлға. Ол білім мен өнерді қатар ұштастырып, өз ортасында алғырлығымен көзге түсіп жүр. Қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлеп, ағылшын тілін меңгеруге ұмтылуы – оның білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығын айқын көрсетеді.

Жас талант тек оқу саласында ғана емес, шығармашылық қабілетімен де дараланады. Ол сурет салуды ерекше жақсы көреді, қиялын қағаз бетіне түсіріп, өзіндік әлемін бейнелеуден шабыт алады. Сонымен қатар видео түсіруге деген қызығушылығы оның заманауи технологияларға бейім, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары екенін аңғартады.

Отбасында Айару – тұңғыш немере әрі тұңғыш шөбере ретінде ерекше құрметке ие. Ол ата-әжесінің тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, үлкенді сыйлау, кішіпейілділік сияқты асыл қасиеттерді өмірлік ұстаным етіп келеді. Мұндай онегелі орта оның тұлғалық қалыптасуына оң ықпал етіп, мейірімді әрі тәрбиелі болып өсуіне негіз болады.

Балақайдың асыл арманы – болашақта дәрігер болу. Бұл оның адам өміріне деген жауапкершілігі мен жанашырлығын, көмекке әрдайым дайын тұратын ізгі ниетін көрсетеді. Өз мақсатына жету жолында ол табандылық танытып, жан-жақты дамуға ерекше мән беріп келеді.

Айару – болашағынан зор үміт күттіретін жас дарын. Оның таланты, еңбекқорлығы мен мақсаткерлігі алдағы уақытта талай биіктерді бағындыратынына сенім мол.

Өз тіліміз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ALAYGYR GOLD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Сарыбас учаскесінің құрамында алтыны бар кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды

Есер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Солнечный кенті, Әуезов кенті; Шалабай кенті. Жобаланатын алаңның бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 49°40'14.00" с.е. 81°40'51.00" ш.б., 2) 49°43'07.00" с.е. 81°40'15.00" ш.б., 3) 49°42'28.26" с.е. 81°43'11.49" ш.б., 4) 49°41'25.40" с.е. 81°43'24.51" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

2026 жылғы 04 маусымда сағат 10:00-де: ҚР, Абай облысы, Жарма ауданы, Шалабай а. о, Шалабай кенті, Жолдаспай Масалим көшесі 13 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша

2026 жылғы 04 маусым сағат 14:30-да: ҚР, Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті, М.Сәдуақасов көшесі, 90В (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша. Жұртшылық үшін қолжетімді орын Әуезов кенті, М.Сәдуақасов көшесі 90В мекенжайында орналасқандықтан, Солнечное ауылының тұрғындары арасынан мүдделі жұртшылық үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін: Солнечное ауылынан 04 маусымда сағат 13:00-де жөнелту (жинау орны: ауылдың шетінде Әуезов-Өскемен трассасының жанында) ұйымдастырылады. Қоғамдық тыңдаулар өткізілгеннен кейін Солнечное ауылының мүдделі тұрғындары өз ауылына автокөлікпен жеткізілетін болады.

Карантин енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Бұл жағдайда қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек:

Zoom конференциясына қосылыңыз

<https://us06web.zoom.us/j/86339538456?pwd=7AgMY5GuhAywGLaAkyxgCa6J5IHZZ.1>

конференция идентификаторы: 863 3953 8456, кіру коды: 726767(поселок Шалабай) <https://us06web.zoom.us/j/83409454583?pwd=VBg7inbUxsgmXbBaSC8P1xwp95xDN.>

Конференция идентификаторы: 834 0945 4583, кіру коды: 385641 (Әуезов кенті)

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ALAYGYR GOLD» ЖШС, БСН 160640011266. Мекен - жайы: ҚР Алматы ауданы, Алматы қ., Төле би к-сі, 73а үй, 308-көне тел: +77077787420. Эл.адрес: amir.ryskkeldinov@mail.ru.

Ықтимал әсерлері туралы есеп әзірлеуші «АБС-НС» ЖШС, БСН 000540004317, ШҚО, Өскемен қаласы, Новаторов 3/1, 16 н.п., тел.: +7 7751760147, e-mail: abs-ns@mail.ru.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органның жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі: "Абай облысы бойынша экология департаменті" РММ: Семей қаласы, Момышұлы көшесі, 19А 2 қабат, ecoder_abai@mail.kz. Жергілікті атқарушы орган: e-mail: prirnodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru, uprgr.abay@akimatabai.gov.kz, пошталық мекенжайы-ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон +7 700 200 3047. Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары жоғарыда көрсетілген электрондық мекенжайлар бойынша тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Жобалық құжаттама және онлайн қатысуға белсенді сілтеме "қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі" <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. сайттың «жарияланған тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайттыңда <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/directions?lang=kk> қолжетімді болады

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады: электрондық пошта amir.ryskkeldinov@mail.ru, abs-ns@mail.ru. ру. және телефон нөмірі бойынша: 87751760147

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «ALAYGYR GOLD», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к «План горных работ по добыче золотосодержащих руд участка Сарыбас»

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, пос. Солнечный, пос. Ауэзов; пос. Шалабай. Географические координаты угловых точек проектируемой площади: 1) 49°40'14.00" с.ш. 81°40'51.00" в.д., 2) 49°43'07.00" с.ш. 81°40'15.00" в.д., 3) 49°42'28.26" с.ш. 81°43'11.49" в.д., 4) 49°41'25.40" с.ш. 81°43'24.51" в.д.

Общественные слушания состоятся:

04 июня 2026 года в 10:00 по адресу: РК, область Абай, Жарминский район, Шалабайский с.о, пос.Шалабай, улица Жолдаспай Масалим 13 (здание акимата)

04 июня 2026 года в 14:30 по адресу: РК, область Абай, Жарминский район, п. Ауэзов, ул.М.Садвакасова 90В (здание акимата). Поскольку место, доступное для общественности, расположено по адресу: пос. Ауэзов, ул.М.Садвакасова 90В, для заинтересованной общественности из числа жителей с. Солнечное для участия в общественных слушаниях будет организован автотранспорт: отправление 04 июня 2026 г. в 13:30 из с.Солнечное (место сбора: на окраине села у трассы Ауэзова-Усть-Каменогорск). После проведения общественных слушаний заинтересованные жители с.Солнечное будут доставлены автотранспортом в свое село.

В случае введения карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. В таком случае для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке:

Подключиться к конференции Zoom

<https://us06web.zoom.us/j/86339538456?pwd=7AgMY5GuhAywGLaAkyxgCa6J5IHZZ.1>

Идентификатор конференции: 863 3953 8456, код доступа: 726767(поселок Шалабай)

<https://us06web.zoom.us/j/83409454583?pwd=VBg7inbUxsgmXbBaSC8P1xwp95xDN.1>

Идентификатор конференции: 834 0945 4583, код доступа: 385641 (пос.Ауэзова)

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ALAYGYR GOLD». БИН: 160640011266. г. Алматы, Алмалинский район, ул. Толе би, дом 73А, офис 308, тел: +77077787420. Эл.адрес: amir.ryskkeldinov@mail.ru.

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «АБС-НС», БИН 000540004317, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов 3/1, 16 н.п., тел.: +7751760147 e-mail abs-ns@mail.ru.

Электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:

Территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: РГУ «Департамент экологии по области Абай»: г. Семей, ул. Момышұлы, 19а 2 этаж, ecoder_abai@mail.kz, Местный исполнительный орган: e-mail: prirnodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru, uprgr.abay@akimatabai.gov.kz, почтовый адрес - РК, область Абай, г. Семей, ул. Турлыханова, 30. Телефон +7 700 200 3047. Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения слушаний по указанному выше электронным адресам.

Проектная документация и активная ссылка на онлайн участие будет доступна на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. в разделе «Опубликованные слушания», а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: электронная почта amir.ryskkeldinov@mail.ru, abs-ns@mail.ru и по номеру телефона: 87751760147,

Согласно Правилам проведения общественных слушаний срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.